| АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ | РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|
| 2019 жылғы “29” сәуір | “____”______________20____года |
| **Аудиторлық есеп** | **Аудиторский отчет** |

**Үшарал қаласы** **№2 дана**

## I. Кіріспе бөлік

**1.1. Мемлекеттік аудит объектісінің атауы:** «Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (Арықарай мекеме). Мекеме Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында Заңды тұлға ретінде тіркеуден 2015 жылдың 09 сәуірінде өткен (алғашқы тіркелген күні 13.01.2000ж.). Бизнес сәйкестендіру нөмірі: 000140002762. Есеп айырысу операциялары «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі қазынашылық комитетінің Алматы облысы бойынша қазнашылық департаментінің Алакөл ауданы бойынша қазнашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізіледі. Банктік сәйкестендіру коды KKMFKZ2A, жеке сәйкестендіру коды KZ85070103KSN0915000.

Заңды тұлғаның орналасқан жері: Алматы облысы Алакөл ауданы Үшарал қаласы Дулепова көшесі, №н/ж үй.

**1.2. Аудиторлық іс-шараның атауы:** жергілікті бюджет қаражатының Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы.

**1.3. Мемлекеттік аудит объектісіндегі мемлекеттік аудиттің мақсаты:** жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

**1.4. Мемлекеттік аудиттің мәні:** 2017-2018 жылы аудиторлық іс-шарамен (тексерумен) қамтылуға жататын бағдарламалар: 017 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру».

Қазақстан Республикасы
Алматы облысы "Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
"Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2019 ж. "29" сәуір
№ 136

Көшірме жасауға тыйым салынады. Снятие копий запрещается.
007751

**1.5. Аудиттің типі, тексерудің түрі:** сәйкестік аудиті.

**1.6. Мемлекеттік аудит тобының құрамы:** Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының бөлім басшысы – мемлекеттік аудиторы Қалқаев Нұрғанат Көшербайұлы 2016 жылғы 05 желтоқсанында Мемлекеттік аудитор біліктілігін иелену туралы сертификатын алған.

**1.7. Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі:** Қ.М.Манамұратовтың 2019 жылғы «18» сәуірдегі №02-16/6.4-113-Т мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмасы.

**1.8. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең:** 2017 жылдың 01 қаңтарынан бастап, 2018 жылдың 31 желтоқсанын қоса алғанда.

**1.9. Мемлекеттік аудит жүргізу мерзімі:** 2019 жылдың 23 сәуірінен 29 сәуірін қоса алғандағы аралығы.

**1.10. Мемлекеттік аудит объектісінің лауазымды адамдары:** 2019 жылғы 18 сәуірдегі аудиторлық іс – шараны жүргізу туралы № 02-13/634 хабарламасы беріле отырып, мекеме басшысы Қыдырхан Даутханның рұқсатымен, есепші Бокесова Айжана Каматайовнаның қатысуымен жүргізілді. Аудитпен қамтылған мерзім аралығында бірінші қол қою құқығына 2011 жылдың 05 желтоқсанынан бүгінгі күнге дейін Даутхан Қыдырхан ие. Екінші қол қою құқығына 2015 жылдың 07 қыркүйегінен бүгінгі күнге дейін Бокесова Айжана Каматайовна ие болған.

**1.11. Үстеме тексеру жүргізілген объектілердің тізбесі:** жүргізілмеді.

**1.12. Алдыңғы мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы қысқаша мәліметтер:**

1) Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылға арналған аудит жүргізу мемлекеттік аудит объектілерінің тізбесіне сәйкес, Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының 2017 жылдың 07 наурыздағы №02-16/39.20-53-Т тапсырмасы негізінде, аталған комиссияның бас маман – мемлекеттік аудиторлары Ә.Нұрлыбаев және Ұ.Жапабаев 2015 жылдың сәуірінен бастап, 2016 жылдың желтоқсанын қоса алған кезеңге жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануына аудит жүргізген. Аудит қорытындысы бойынша бұзушылықтар анықталмаған.

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы тарапынан аудиторлық қорытындылары (Нұсқамалары) бойынша орындалу мерзімі өткен немесе бақылауда тұрған тапсырмалық тармақтар жоқ.

## I. Негізгі бөлік

**2.1. Аудит бағдарламасын ашып жазу:**

Аудит бағдарламасымен қамтылған жалпы бюджет қаражатының сомасы 116 215,5 мың теңге, соның ішінде жылдар бөлінісінде:

**2017 жылы:**

017 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бағдарламасы бойынша – 56 674,9 мың теңге.

Барлығы 56 674,9 мың теңге.

**2018 жылы:**

017 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бағдарламасы бойынша - 59 540,6 мың теңге;

Барлығы 59 540,6 мың теңге.

Мемлекеттік аудит жүргізу кезінде қолданылатын көрсеткіштер: мәнділік - мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының, оларды іске асыру үшін қабылданған квазимемлекеттік сектор субъектілері актілерінің талаптарынан ауытқу, сондай-ақ ең жоғары жол берілетін мөлшері мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігіне және көрсеткіштер санатына қарай Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер.

*Көрсеткішті қолдану бойынша түсіндірме:*

Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер бойынша мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттердің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарының сақталуына талдау жасалды.

Мемлекеттік аудит ұсынылған құжаттардан іріктеліп жүргізілді.

**2.1.1. Аудит бағдарламасындағы мәселенің атауы:**

1.Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардың жоспарлануын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігі тексеру.

2.Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығын, дұрыстығын тексеру.

3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.

4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.

5.Мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.

6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.

7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.

8. Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.

**2.1.1.2. Аудит бағдарламасының мәселесін талдау, соның ішінде:**

*1. Бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстарды жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру.*

***2017 жыл:***

017 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 56866,0 мың теңге. Алғашқы қаржыландыру жоспарына мәслихат шешімдерінің негізінде өзгерістер мен нақтылаулар енгізілді және қаржыландыру жоспары 191,0 мың теңгеге азайған. Төленген міндеттемелер сомасы 56674,9 мың теңгені құраған. Жоспардан қалған қаражат 0,01 мың теңгені құраған.

***2018 жыл:***

017 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру» бағдарламасы бойынша нақтыланған жоспар 58929,0 мың теңге. Төленген міндеттемелер сомасы 59540,6 мың теңгені құрады. Жоспардан қалған қаражат 2,4 мың теңгені құраған.

Жыл қорытындысы бойынша қабылданған міндеттемелер және нақты жүзеге асырылған төлемдермен жоспарланған жылға арналған жеке жоспарларды талдау кезінде елеулі ауытқулар анықталған жоқ.

Мекеменің қаржыландыру жоспарының жасалуы, бекітілуі және өзгерістер енгізуде 04.12.2008 жылғы №95-IV (кейінгі өзгертулер мен толықтырулар енгізілген) Қазақстан Республикасы Бюджеттік кодексі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 24.11.2014 жылғы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 04.12.2014 жылғы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінің» талаптары басшылыққа алынып, шығыс ерекшеліктері бойынша қажеттілік есептері жасалған. Мекеменің қаржыландырудың жеке жоспарына мемлекеттік аудитпен қамтылған кезеңде аудандық маслихаттың 2018 жылғы 24 сәуірдегі 33-2 шешімімен 1 өзгеріс еңгізіліп нақтыланған жоспар 614,0 мың теңгеге көбейген. Негізсіз өзгерістер еңгізу фактілері болмаған.

(1-кесте: Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат аудиторлық есебіне №5 қосымшада қоса тіркелді).

Бағдарламаның бюджеттік бағдарламалар бойынша шығыстардын жоспарлауын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарына өзгерістер енгізудің негізділігін тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. *(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған*

*құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

*2. Есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығының, дұрыстығын тексеру.*

**2017 жылы:** жабдықтаушылар мен мердігерлерге қаржы аудару барысында 42 келісім шарт жасалған, оның ішінде:

017 *«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі»* бюджеттік бағдарламасы бойынша бюджет қаражатын төлеген соның ішінде: 142 ерекшелік бойынша Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу – 1 келісім шарт негізінде 150,0 мың теңгеге; 144 ерекшелік бойынша Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу – 1 келісім шарт негізінде 291,2 мың теңгеге; 149 ерекшелік Өзге де қорларды сатып алу бойынша 17 келісім шарт негізінде 893,0 мың теңгеге мекемеге құрылыс материалдары сатып алынған, 1 келісім шарт негізінде 100,0 мың теңгеге авто бөлшектер, 7 келісім шарт негізінде 325,70 мың теңгеге құрылыс материалдары, 5 - келісім шарт негізінде 173,20 мың теңгеге құрылылыс заттар сатып алынған 2 – келісім шарт негізінде 111,0 мың теңге, спорт тауарлары 2 келісім шарт негізінде 183,1 мың теңгеге кеңсе тауарлары; 151 ерекшілік коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге 3 келісім шарт негізінде – 4014,0 мың теңгеге; 152 ерекшелік байланыс қызметтеріне ақы төлеу бойынша 2 келісім шарт негізінде 432,0 мың теңгеге интернет желісін пайдалану және байланыс қызметтері көрсетілген; 159 ерекшелік Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша жалпы жиыны 700,0 мың теңгеге 18 келісім шарт жасалған: 1 келісім шарт негізінде 86,6 мың теңгеге банк қызметі, 1 келісім шарт негізінде 329,7 мың теңгеге «Парус» бағдарламасының жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, 2 келісім шарт негізінде 36,0 мың теңгеге журнал қызметтері жұмыстарға; 6 келісім шарт негізінде 44,2 мың теңгеге баннер жасау қызметіне, 6 келісім шарт негізінде 203,5 мың теңге басқа да қызметтер корсетілген. 414 ерекшілік Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдары 195,0 мың теңгеге 1 келісім шарт негізінде мемлекеттік рәміздер сатып алынған.

**2018 жылы:** жабдықтаушылар мен мердігерлерге қаржы аудару барысында 28 келісім шарт жасалған, оның ішінде:

017 *«Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) дене шынықтыру және спорт бөлімі»* бюджеттік бағдарламасы бойынша 142 ерекшелік бойынша Дәрілік заттар және медициналық мақсаттағы өзге де бұйымдарды сатып алу – 8 келісім шарт негізінде 142,2 мың теңгеге; 144 ерекшелік бойынша Отын, жанар-жағар май материалдарын сатып алу – 1 келісім шарт негізінде 330,0 мың теңгеге; 149 ерекшелік - 1239,0 мың теңге бюджет қаражаты төленген, соның ішінде: 6 келісім шарт негізінде 110,2 мың теңгеге мекемеге кеңсе тауарлары сатып алынған, 8 келісім шарт негізінде 354,3 мың теңгеге шаруашылық заттарына, 9- келісім шарт негізінде 499,1 мың теңгеге құрылыс материалдары сатып алынған, 2 келісім шарт негізінде 119,2 мың

теңгеге автобөлшектер сатып алынған, 3 келісім шарт негізінде 156,2 мың теңгеге; 151 ерекшілік коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге - 4372 мың теңгеге; 152 ерекшелік Байланыс қызметтёріне ақы төлеу бойынша 1 келісім шарт негізінде 254,3 мың теңгеге интернет желісін пайдалану және байланыс қызметтері көрсетілген; 159 ерекшелік Өзге де қызметтер мен жұмыстардың ақысы бойынша жалпы жиыны 886,6 мың теңгеге 12 келісім шарт жасалған: 1 келісім шарт негізінде 88,2 мың теңгеге банк қызметі, 1 келісім шарт негізінде 352,8 мың теңгеге «Парус» бағдарламасының жұмысын қамтамасыз ету қызметтері, 2 келісім шарт негізінде 45,0 мың теңгеге компьютерлік жөндеу жұмыстарға; 3 келісім шарт негізінде 85,0 мың теңгеге баннер жасау қызметіне, 3 келісім шарт негізінде 36,0 мың теңгеге журнал қызметтері жұмыстарға 1 келісім шарт негізінде 100,6 мың теңге орындықтардың жөндеу жұмыстары; 2 келісім шарт негізінде 179,0 басқа да қызметтер көрсетілген. 414 ерекшілік Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдары 615,5 мың теңгеге 6 келісім шарт негізінде негізгі қорлар сатып алынған.

Мекеме және жабдықтаушылар мен қызмет көрсетушілер арасында жасалған келісім шарттардың талаптары орындалған. Тауар уақытылы жеткізілген, қызметтер толық көрсетілген. Мекеменің төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары негізінде ай сайынғы бөлінген есептері бойынша көрсетілген қызметтерге, тауарларға бюджеттік бағдарламалардың экономикалық классификация ерекшеліктеріне сәйкес төленіп отырған. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 03 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу ережесі» негізінде жеткізіп беруші мен мердігерге қаржы аудару келісім-шарты және төлем шоттары мен жұмыстың орындалғаны жөніндегі актілері негізінде жүргізілген. Ақша аударулар міндеттемелер және төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында қаралған (өзгерістерімен) ақша қаражаты шегінде шығын ерекшеліктеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 04 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету Ережесі» талаптары сақтала отырып, қазынашылықтан тіркеуден өткен шарттар мен қаржылық рұқсаттары негізінде төлемшоттарымен аударылған және қазынашылық органының №4-20 «Шығындардың жиынтық есебі» Нысанына сәйкес келеді. Бухгалтерлік есептен өткен бастапқы құжаттарды қазынашылық органының №5-15 Нысан «Мемлекеттік мекеменің төлемдер бойынша күнделікті көшірмесі» құжатымен салыстыруда айырмашылықтар анықталған жоқ. Бюджет қаржысы қаржыландыру жоспарында қаралған ерекшеліктерге сәйкес игерілген. Аудит жүргізуде негізсіз ақша аудару, сондай-ақ мақсатсыз жұмсау фактілері анықталмады. Төлем жоспарынан артық бюджет қаржысын жұмсау және жоспардан тыс тауарлар мен қызметтер алу фактілері болмаған.

Бағдарламаның есеп айырысу тәртібінің сақталуын, банк операцияларының анықтығы, дұрыстығы мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар,

кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. *(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

*3. Мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердің еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру.*

2017 жылы мекемеде штат кестесі бойынша әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері - 24 бірлік, жаттықтырушы - оқытушылар - 29 бірлік. Айлық еңбек ақы қоры 3188,2 мың теңге, 2017 жылы болып тарификациялық тізімі «Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісіліп, мекеме басшысымен бекітілген.

2018 жылы мекемеде штат кестесі бойынша әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері - 24 бірлік, жаттықтырушы - оқытушылар - 29 бірлік. Айлық еңбек ақы қоры 3140,3 мың теңге, 2018 жылы болып тарификациялық тізімі «Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесімен келісіліп, мекеме басшысымен бекітілген.

Мекемеде қызметкерлердің лауазымдық жалақылары мамандығы бойынша комиссия анықтаған жұмыс өтіліне, жұмыскер атқаратын лауазымды қызметтің категориясына, квалификациялық разрядтарға сәйкес анықталған коэффициенттер мен Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілген базалық лауазымдық жалақылары негізінде анықталған. Қызметкерлерге еңбекақы есептеу және төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015 жылғы №1193 «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» қаулысы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V «Еңбек кодексі», Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2001 жылғы 29 тамыздағы №1127 «Мемлекеттік мекемелердің қаржыландыру жоспарында қаралған қаржының үнемделуінен сыйақы, материалдық көмек көрсету және қосымша ақы төлеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы» қаулысы және еңбекақыға үстеме және қосымша ақылары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а. 2014 жылғы 28 қазандағы «Спорттық атақтарды, разрядтарды және біліктілік санаттарын беру нормалары мен талаптарын бекіту туралы» №56, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 17 сәуірдегі «Дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» №139 бұйрықтары басшылыққа алынып есептеліп төленген.

Еңбек демалысының төлемдерін немесе пайдаланылмаған еңбек демалысының күндерінің төлемдерін, уақытша еңбекке жарамсыздыққа, жүктілікке, бала тууға байланысты жәрдемақыларды төлеуде орташа жалақы есептеу Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму

министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы «Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларын бекіту туралы» № 908 бұйрығына сәйкес есептелген.

Мекемеде қызметкерлердің еңбек өтілін есептеу комиссиясы құрылып, еңбек өтілі аталған комиссиямен анықталған. Аудиторлық іс-шара мен ішінара қызметкерлердің жеке іс құжаттары, жұмысқа қабылданғаны туралы, босатылғаны, еңбек демалысын алуы туралы бұйрықтар, жұмыс уақытын пайдалану табелі және т.б. құжаттары қамтылып, еңбек өтілі анықталып тексерілді.

Бағдарламаның мемлекеттік қызметкерлер және азаматтық қызметкерлердін еңбекақыларын, лауазымдық жалақыларды, тарифтік ставкаларды, еңбекақыға үстеме және қосымша ақыларды белгілеудің дұрыстығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. *(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

*4. Іс сапарға шығындалған қаражаттардың негізділігін тексеру.*

Мекеменің қызметі бойынша қарастырылған іс-шараларға қатысу үшін іс-сапарларға жіберу шығындары 2017 жылы 161 ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік іссапарлар ерекшелігінде 1300,0 мың теңгені құраған; 2018 жылы 161 ерекшелігі бойынша 1766,9 мың теңгені құраған.

Сол сияқты, мекеменің оқушыларының түрлі спорт шаралары бойынша басқа қалаларда өтетін турнирларға қатысуына байланысты іс – сапар шығындарын өтеу 169 ерекшелік «Өзгеде ағымдағы шығындар» арқылы қаржыландырылады, соның ішінде:

- 2017 жылы барлығы 4758,7 мың теңге қаралып игерілген;
- 2018 жылы барлығы 5705,0 мың теңге қаралып игерілген.

Мемлекеттік мекемеде іс-сапар шығындарын өтеулер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысының талаптарына сай жүргізілген.

Авансттық есептер жүргізіліп, оған негіз болатын шот және басқа да құжаттар қоса тігілген. Есепті тұлғаларға іс-сапары мақсатына төленген қаржы әр тұлғаның жеке шоттарына аударылып отырған, алайда:

***1-тармақ:*** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысының 12-тармағы және 9-тармағы 1-2-тармақшаларының талаптары бұзылып, Алматы облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 01 қарашадағы №36-3-36/2131 хатына сәйкес мекеменің 05.11.2018 жылғы



Тексеру комиссиясы
2 дана

№63 бұйрығы негізінде және «Алакөл ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 05 қарашадағы №653-Θ бұйрығына сәйкес 17-25 қарашасы аралығында жаттықтырушы Л.Ложников пен оқушы Д.Тұяқбай Павлодар облысының Ақсу қаласында бокстан жасөспірімдер арасында өтетін республикалық жарысқа 9 күнге іс-сапарға жіберілген. Соның ішінде 7 күнге тамақтануға күніне әр адамға бекітілген норматив бойынша 1086 тенге қаралған, алайда нақты 8 күнге төленген. Соның салдарынан екі адамға 2162 **теңге** артық төленген.

Сол сияқты, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 22.09.2000 жылғы №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысының 12-тармағы және 9-тармағы 1-2-тармақшаларының талаптары бұзылып, мекеменің 06.12.2018 жылғы №68 бұйрығы негізінде 2018 жылдың 06-09 желтоқсанында 4 күнге жаттықтырушы Д.Какенов Талдықорған қаласында самбо күресінен ересектер арасында өтетін Қазақстан Республикасының чемпианатында күш сынасуға іссапарға жіберілген. Осы аталған жаттықтырушыға мекеменің қаржыландыру жоспарында қаралмасада бюджет қаражаты есебінен **20 944 теңгеге** іссапар шығындары негізсіз өтелген. Оның ішінде: тәулік ақысы бұйрықпен қарастырылған 4 күнге 4344 тенге, 3 күнге пәтер ақысы *12 000 теңге* және 4600 теңге жол ақысы негізсіз төленген.

Аудит жүргізу барысында артық төленген барлығы іссапар шығындары «KAZPOST» АҚ-ның 26.04.2019 жылғы №0007 төлем түбіртегі негізінде жергілікті бюджет есебіне құйылды. *(Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің 01.10.2018 жылғы №18-НҚ нормативтік қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілерінде анықталған бұзушылықтар сыныптауыш» 2.1.1.6 тармағы). (іссапарға жіберу туралы бұйрықтары; аванстық есептері, іссапар шығындарын жеке карт-шоттарына аудару туралы төлемдерінің көшірмелері, мекеменің есепшісі А.Бокесованың және методист Ш.Мәуейханның түсініктемесі, «KAZPOST» АҚ-ның 26.04.2019 жылғы №0007 төлем түбіртегінің көшірмесі №8 қосымшада аудиторлық есебіне қоса тіркелді).*

*індегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

*5. Мемлекеттік органдар пайдаланатын аландардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру.*

Мемлекеттік органдар пайдаланатын аландарды нормаларға сай пайдаланылуы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №335 Қаулысына және «Мемлекеттік органдарды қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы №179 бұйрығына негізделген.

Тексеру комиссиясы
2 дана

Мекеме өз теңгеріміндегі Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Дулепова көшесі, №н/ж үй мекен-жайында, жалпы алаңы 2345,8 шаршы метрді құрайтын ғимаратта орналасқан.

Мекеменің теңгерімінде 2018 жылдың 31 желтоқсанына 2007 жылы шыққан Changan Sc 6393 маркалы мемлекеттік тіркеу номері B811CD оқушыларды тасымалдайтын арнайы автокөлік тіркелген.

Жанар-жағар май және автокөлікті ұстау шығындары Қазақстан Республикасы көлік және коммуникациялар министрлігінің Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 қыркүйектегі №1210 «Автокөлікті ұстау шығындары және жанар-жағар май шығыс нормасы» қаулысына сәйкес шығысталған.

Бағдарламаның мемлекеттік органдар пайдаланатын алаңдардың, қызметтік автокөліктердің нормаларға сай пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. *(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

*6. Коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру.*

Төлемлер электр энергиясы үшін «Алматыэнергосбыт» ЖШС-мен жасалған келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактуралармен, байланыс үшін «Қазақтелеком» АҚ филиалы-Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясы Алакөл аудандық өндірістік телекоммуникация торабымен жасалған келісім шарт негізінде қойылған есеп шот фактураларымен қаржы аударылып отырған. Көрсетілген қызметтердің бағалары мен тарифтері Алматы облысы бойынша реттелген бағалар мен тарифтерге сәйкес.

Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 02.11.1998 жылғы №1118 «Бюджет қаражатынан қаржыландырылатын ұйымдар бойынша электр энергиясын, жылуды, ыстық және суық суды және басқа да коммуналдық қызмет көрсетулерді тұтынудың нормативтері туралы» Қаулысына сәйкес жүзеге асырылған.

Бағдарлама мәселесі коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығы, шарттардың болуы, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуы тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ. Тексеру жүргізілген құжаттардың Тізбесі №6 қосымша.

Бағдарламаның коммуналдық қызметтерге қаражаттарды жұмсаудың дұрыстығын, шарттардың болуын, онда бағалар мен тарифтердің дұрыс пайдаланылуын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ *(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

Тексеру комиссиясы
2 дана

*7. Бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру.*

Бухгалтерлік есеп жүргізу мекемеде жалпы 2008 жылдың 4 желтоқсандағы №95-IV Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бюджет Кодексі, «Есеп саясатын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі №444 бұйрығы, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 3 тамыздағы №393 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепті жүргізу» Ережесіне сәйкес жасалған; Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы №540 бұйрығымен бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесі басшылыққа алынып, «Парус-КАЗ БЮДЖЕТ» ақпараттық бағдарламасында қанағаттандырарлық есеп жүргізілген. Тоқсандық, жылдық есептер толық жасалып, тиісті қосымшаларымен жоғары уәкілетті орындарға белгіленген уақытында тапсырылған.

Бағдарламаның бухгалтерлік есепті жүргізу, қаржылық есептілікті жасаудың дұрыстығы мен анықтығын тексеру мәселесі тексерілді. Бұзушылықтар, кемшіліктер және жүйелі проблемалар анықталған жоқ *(Бағдарламаның мәселесі бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымша 2019 жылдың 29 сәуірдегі аудиторлық есепке қоса тігіледі).*

*8.Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер.*

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында туындаған және аудиторлық іс-шараға қатысты басқа да мәселелер болмады.

**III. Қорытынды бөлік**

3.1. Мемлекеттік аудит объектісі бойынша жалпы тұжырымдар:

3.1.1. Заңнаманың, ішкі нормативтік актілердің және құжаттардың сақталуын және (немесе) бағдарламаның мақсатына, көрсеткіштеріне (өлшемшартарына) сәйкес мемлекеттік аудит объектісі қызметінің тиімділігін бағалау:

**Мемлекеттік аудит көрсеткіші:**

Мемлекеттік аудитті жүргізу барысында мәнділік көрсеткіші қолданылды. Аталған көрсеткішті ашу мақсатында мемлекеттік аудит объектісі қызметінің ерекшелігін ескере отырып, мемлекеттік аудит объектісі қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын, қабылданатын шешімдерге ықпал ететін өзге де қателер бойынша мекеме қызметкерлерінің өз лауазымдық қызметін атқару барысында қызметтік нұсқаулықта көрсетілген міндеттердің қаржылық және шаруашылық операцияларын жасауы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасы нормаларының талаптарын сақтауына талдау жасалды.

Тексеру комиссиясы
2 дана

Аудит бағдарламасында көрсетілген 9 сұрақтың нәтижесі бойынша мемлекеттік аудит объектісінде жергілікті бюджет қаражатын пайдалану, бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығымен дұрыстығына аудит жүргізілді.

Жоғарыда көрсетілген бағдарламаның жалпы сұрақтары, өз міндеттері және мақсаттары бойынша мекеменің құжаттарына аудит жүргізіліп, құжаттардың талапқа сай екендігі және ауытқулар жоқтығы анықталды.

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, нормативті құқықытық актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырған.

Мемлекеттік аудит жүргізу барысында мемлекеттік аудит нысанымен қаржылық және шаруашылық операциялар жүгізу заңнамалары, ішкі нормативтік актілер және нысан қызметінің тиімділігі құжаттары айтарлықтай сақталғаны анықталды. Мемлекеттік саясатты жүргізуге аудит обьектісінің әсер етуі және пайдаланылған қаражат аудит объектісі тарапынан қаржы жоспарына сәйкес тиісті бағдарламалар бойынша өз міндеттерін атқару қанағаттанарлық.

**3.2. Мемлекеттік аудит жүргізудегі кедергілер:** Мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының Тексеру комиссиясы қызметкерлерінің мемлекеттік аудит жүргізуіне кедергі келтіру фактілері болған жоқ.

**3.3. Мемлекеттік аудит барысында кабылданған шаралар:**

1. Жүргізілген мемлекеттік аудит барысында есепші А.Бокесоваға 2019 жылдың 29 сәуірінде мекеменің №9 н-к бұйрығымен жіберілген кемшіліктері үшін сөгіс жарияланды.

2. Кемшіліктерді жіберген тұлғадан сомасы 23106 теңгені құрайтын негізсіз төленген іс-сапар шығындары өндіріліп «Казпошта» АҚ-ы арқылы 26.04.2019ж. №0007 төлем түбіртегімен жергілікті бюджет есебіне аударылды.

**IV. Қосымшалар:**

1)Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап №1 қосымшасы (2 парақта);

2)Аудиторлық іс-шараның нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің тізілімі №2 қосымша (4 парақта);

3)Құжаттардың, кестелердің түпнұсқалары немесе белгіленген тәртіппен куәландырылған көшірмелері №3 қосымша (17 парақта);

4) Апта сайынғы есеп №4 қосымша (2 парақта);

5)№1 кесте. Мемлекеттік аудитпен қамтылған бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) орындау туралы ақпарат №5 қосымшасы (2 парақта);

6) Анықталған бұзушылықтарды растау құжаттары №8 қосымшасы (21-парақта).

7) Ұсыным хат №7 қосымшасы (1 парақта).

Тексеру комиссиясы
2 дана

8) Аудиторлық бағдарламаның сұрақтары бойынша бұзушылықтар мен кемшіліктер анықталмаған кезіндегі қаралған құжаттар Тізбесі №6 қосымшасы (1-парақта);

**Тексеру комиссиясының жұмыскері:**
Бөлім басшысы – мемлекеттік аудитор Н.Қалқаев

Мемлекеттік органдардан тартылған мамандар, мемлекеттік емес аудиторлық ұйымдардың жұмыскерлері, сарапшылар:

_______________________
*(лауазымы)*

_______________________________
*(қолы, аты-жөні, тегі)*

*Аудиторлық есеп екі данада жасалды:*

*1-ші дана №007750 бланкте: «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;*

*2-ші дана №007751 бланкте: «Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне.*

Тексеру комиссиясы
2 дана

АО "KAZPOST"
БИН 000140002217
ЦОУ
040200/09 касса 16 № 0007
№ 620300062750
Чек БКС № 1904269781401
26.04.2019 10.03
Код платежа :n091501
Алакольский Налоговый комитет
Прием платежа на оплату услуг
ИИН/БИН 841027400635
КБК 206109
KZ24070105KSN0000000
Сумма платежа: 23106 тг.
К\с 400,00 тг.
Барлығы/Итого: 23506 тг.
Кассир: Кушегенова Айжан Кадырбековна
KAZPOST
Таныстым және келісемін/
Ознакомлен и согласен

_______________

*Вы можете проверить данные проведенного платежа в личном кабинетеpost.kz*

ТҮБІРТЕК/КВИТАНЦИЯ
Ақша жіберуші/Отправитель денег: Бокесова Айжана Каматайовна
(салық төлеушінің аты-жөні/ФИО налогоплательщика)
ЖСН/БСН/ИИН/БИН: 841027400635 КОД: 19
Ақша жіберушінің адресі және телефоны/Адрес и телефон отправителя денег:
г ушарал ул жубанова, кв.6а
Телефон:

Бенефициары/Бенефицар: Алакольский Налоговый комитет

БСН/БИН: 000340001800 БЕК/КБЕ: 11
Бенефициар банкі/Банк бенефициара: ГУ "Комитет казначейства Министерства финансов РК" БСК/БИК: KKMFKZ2A
(Ұйымның БСК/БИК организации)

| Төлем атауы/Наим-е платежа \| | № предписания \| | КБК \| | КНП \| | Сомасы/Сумма |
|---|---|---|---|---|
| 206109 \| Другие неналоговые поступления в местный бюджет | | 206109 | 911 | 23106 тг. |

БАРЛЫҒЫ (сомасын жазбаша көрсету)/ВСЕГО (сумма прописью):
ЖИЫРМА ҮШ МЫҢ ЖҮЗ АЛТЫ теңге 00 тиын/ДВАДЦАТЬ ТРИ ТЫСЯЧИ СТО ШЕСТЬ тенге 00 тиын

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» даю АО «Казпочта» безусловное согласие на сбор из всех источников и обработку АО "Казпочта" любой информации обо мне, включая мои персональные данные, при оказании мне услуг. ҚР «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес, «Қазпочта» АҚ-на сөзсіз кез-келген ақпарат көздерінен мен туралы, соның ішінде, маған қызмет көрсету кезінде дербес деректер жинауға және «Қазпочта» АҚ оларды өңдеуге өз келісімімді беремін.

Кассир:
Кушегенова Айжан Кадырбековна

БАРЛЫҒЫ/ВСЕГО: 23506 тг.
Ақша жиберушінің қолы/Подпись отправителя денег________ Күні/Дата____________

| АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ | | РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ |
|---|---|---|
| 20____жылғы “____”________________ | | “____”______________20____года |

**Аудиторлық есеп** | **Аудиторский отчет**

№02-16/6.4-113-Т/1
18.04.2019ж.

**«Алакөл ауданының балалар және жасөспірім спорт мектебі» комуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Д.Қыдырханға**

**Мемлекеттік аудит объектісі басшысының міндеттерін атқару жөніндегі талап**

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік аудит туралы заң) 21-бабына, 37-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік аудит объектісінің басшысы:

1) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін жұмыс орындарымен қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органының қызметкерлерін мемлекеттік аудитті жүзеге асыру үшін сұратылып отырған барлық қажетті ақпаратпен мемлекеттік аудит объектісінің: заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі, Ережесі, алдыңғы бақылау актілері, мемлекеттік мекемесінің бақылаумен қамтылған кезеңдегі қаржылық жоспары, жылдық (тоқсандық, айлық) бухгалтерлік есебі (балансы және оған қосымшалары), бухгалтерлік мемориалдық ордерлары, бастапқы бухгалтерлік есеп құжаттары мен олардың орындалуы туралы бухгалтерлік есеп және басқада ақпараттарды растайтын құжаттармен 23.04.2019ж. - 29.04.2019ж. дейін қамтамасыз етуге;

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің ақпараттық және есептік жүйелерге, соның ішінде ЭҚАБЖ-ға кіруін қамтамасыз етуге;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органы қызметкерлерінің іс-әрекеттеріне, соның ішінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдары аудит объектісіне бару арқылы аудиторлық іс-шараның барысын қадағалауды жүзеге асырған кезде олардың

007749

іс-әрекеттеріне араласпауға және мемлекеттік аудит жүргізуге кедергі келтірмеуге;

5) аудиторлық іс-шараның нәтижелерімен келіспеген жағдайда, Аудиторлық есепке жазбаша қарсылықтарын Тексеру комиссиясына қол қойылған Аудиторлық есеп мемлекеттік аудит объектісіне берілген күннен бастап он жұмыс күнінен аспайтын мерзімде ұсынуға міндетті.

2. Мемлекеттік аудит туралы заңның 21-бабы және 37-бабының 2-тармағы негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының лауазымды адамдарына олардың өз құзыреттеріне сәйкес қызметтік міндеттерін орындауда мемлекеттік аудит жүргізуге жіберуден бас тарту, қажетті құжаттарды, материалдарды, қызмет туралы ақпаратты және өзге де мәліметтерді беруден бас тарту, анық емес ақпарат беру түріндегі кедергі келтіру, аудитті жүзеге асыруға өзге де кедергі жасау «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – ӘҚтК) 462-бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы ӘҚтК-нің 803-бабына сәйкес хаттаманы жасай отырып әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады.

**Тексеру комиссиясының бөлім басшысы** **Н.Қалқаев**

Қазақстан Республикасы
Алматы облысы "Алакөл ауданды
дене шынықтыру және спорт бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің
"Алакөл ауданының балалар мен
жасөспірімдер спорт мектебі"
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
20 19 ж." 23 " 04
№ 113

**“АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ” МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ “РЕВИЗИОННАЯ КОМИССИЯ ПО АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ”**

040000, Алматы облысы, Талдықорған қаласы,
Абай көшесі, 241, БСН 110840018688,
тел.: 8 (7282) 24-13-89, 24-13-11,
E-mail: revkomalmobl11@mail.ru

040000, Алматинская область, город Талдыкорган,
ул. Абая, 241, БИН 110840018688,
тел.: 8 (7282) 24-13-89, 24-13-11,
E-mail: revkomalmobl11@mail.ru

№ 02-13/634
18.04.2019

**«Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне**

Аудиторлық іс-шараны жүргізу туралы хабарлама

Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2019 жылға арналған тізбесіне сәйкес 2019 жылдың 23 сәуірінен бастап 29 сәуір аралығында жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай–ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына аудит жүргізу.

Сіздерден:

1) аудиторлық іс-шаражүргізугежәне жауапты лауазымды адамдарды белгілеуге жәрдем көрсетулеріңізді;

2) оны жүргізуге кедергі келтірмеулеріңізді және барлық сұратылған ақпаратпен қамтамасыз етулеріңізді;

3) қажетті жағдай жасауларыңызды, дайындық жұмыстарын жүзеге асырып, қызметкерлерді жұмыс орындарымен қамтамасызетулеріңізді сұраймыз.

**Тексеру комиссиясының мүшесі** **К. Манамұратов**

Қазақстан Республикасы Алматы облысы "Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2019 ж. "23" 04
№ 114

Тексеру комиссиясының әдеп жөніндегіуәкілінің сенім телефоны: 8(7282)248122А.Жаншабай

003149

Қазақстан Республикасы
Алматы облысы "Алакөл аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

20 19 ж. "24" 04

№ 135

**Алматы облысы бойынша**
**тексеру комиссиясының**
**мүшесі**
**Қ.Манамұратовқа**

**Ұсыным хат**

Осы ұсыным хат Сіз жүргізген Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2019 жылға арналған тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарылуын бағалау және жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдалануы мәселесі бойынша жүргізілген сәйкестік аудитіне байланысты жолданып отыр.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 37-бабына сәйкес, мен, «Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Дауытхан Қыдырхан, өзімнің жауаптылығымды мойындаймын және барлық бухгалтерлік және бастапқы құжаттардың толықтығы мен анықтығын, сондай-ақ аудиторлық іс-шараны жүргізу барысында ұсынылған барлық ақпараттың толықтығы мен анықтығын растаймын. Бұдан басқа, «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 37-бабының 2-тармағында көзделген барлық міндеттемелердің орындалғанын растаймын.

**«Алакөл ауданының балалар**
**мен жасөспірімдер спорт мектебі»**
**коммуналдық мемлекеттік**
**мекемесінің басшысы** **Д. Қыдырхан**

## Бақылау өлшемі актісі

**Үшарал қаласы 25.04.2019 ж.**

2019 жылғы 18 сәуірдегі №02-16/6.4-113-Т аудиторлық іс–шара жүргізуге тапсырмасына сай жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға және мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығынажүргізілген сыртқы мемлекеттік аудит барысында, мемлекеттік аудит жүргізген Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясыныңбөлім басшысы- мемлекеттік аудиторы Нұрғанат Көшербайұлы Қалқаев «Алакөл ауданының балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің (Арықарай БЖСМ) есепшісі А.К.Бокесованың, шаруашылық жөніндегі орынбасары Б.Ч.Байғазиновтың қатысуымен 2017-2018 жылдары сатып алынған негізгі құралдар мен құндылықтарға бақылау өлшемін жүргізді.

*Негізгі құралдармен тауар-материалдық құндылықтардың түгелдігіне тексеріп қарау натижесі бойынша анықталғаны:*

1. 2017жыл:
   Президент Портреті 2 *2500=5000
   ҚР Туы 1*20000= 20000,
   ҚР Туы 1*25000= 25000
   ҚР Елтаңба 1*75000= 75000
   ҚР Елтаңба 1*70000=70000

2. 2018жыл:
   Бейнетіркеуіш 2*34821,14=69642,28
   бейнекамералары ішкі 10*8482,14=84821,4
   бейнекамералары сыртқы 10*8482,14=84821,4
   блокпитания 2*4910,71=9821,42
   монитор 2*33035,71=66071,42
   жесткий диск 2*15178,57=30357,14
   кресло 1*24000=24000
   диван 1*85888=85888
   кондиционер 2*79500=159000

Қорытындысында кем немесе артық құндылықтар анықталмады. Сатып алынған құндылықтар есеп бөлімімен тиісті проводкалар беріліп кірістелген.

Тексеру комиссиясының қызметкері:

Бөлім басшысы- мемлекеттік аудиторы Н. Қалқаев

БЖСМ қызметкерлері:
Шаруашылық жөніндегі орынбасары Б. Ч. Байгазинов
Есепшісі А. К. Бокесова

*Тексеріп қарау актісі екі данада жасалды:*
*1- дана «Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесіне;*
*2- дана «БЖСМ» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне.*

Приложение 1
к Правилам регистрации актов о назначении проверок, уведомлений о приостановлении, возобновлении, продлении сроков проверок, об изменении состава участников и представлении информационных учетных документов о проверках и их результатах

Форма

19 22 04
19190000021000012/00143
Чеппаев А

# Акт о назначении проверки

№ 143-Э

« » 04 2019 года

**1. Наименование государственного органа** Ревизионная комиссия по Алматинской области

**2. Фамилия, имя, отчество (при его наличии) и должность лица (лиц), уполномоченного на проведение проверки** Калкаев Нурканат Кошербаевич – руководитель отдела-государственный аудитор.

**3.Сведения о специалистах, консультантах и экспертах, привлекаемых для проведения проверки**

**4. Наименование проверяемого субъекта, объекта (наименование юридического лица или его филиала и (или) представительства, фамилия, имя, отчество (при его наличии) физического лица, в отношении которого назначено проведение проверки), его местонахождение, индивидуальный идентификационный номер/бизнес-идентификационный номер (ИИН/БИН), участок территории** Коммунальное государственное учреждение "Детско-юношеская спортивная школа Алакольского района" государственного учреждения "Отдел физической культуры и спорта Алакольского района", Алматинская область, Алакольский район, г. Ушарал, ул. Победы, д.127, БИН 000140002762.

**5.Предмет назначенной проверки** КОНТРОЛЬ НА СООТВЕТСТВИЕ ДЕЙСТВУЮЩИМ НПА РК

**6. Вид проверки** Внешний государственный аудит на соответствие

**7. Срок проведения проверки** с 23.04.2019 г. по 29.04.2019 г.

**8. Правовые основания проведения проверки, в том числе нормативные правовые акты, обязательные требования которых подлежат проверке** Согласно перечня Ревизионной комиссии по Алматинской области, Бюджетный Кодекс Республики Казахстан от 4 декабря 2008 года № 95-IV, Гражданский Кодекс Республики Казахстан от 01.07.1999г., №409,Указ Президента Республики Казахстан от 11 января 2016 года №167 «Об утверждении Общих стандартов государственного аудита и финансового контроля», ,«О государственном аудите и финансовом контроле» Закон Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года № 392-V ЗРК, Постановление Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета от 30 ноября 2015 года № 17-НҚ, «Нормативное постановление Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета» от 28 ноября 2015 года Об утверждении Классификатора нарушений, выявленных на объектах государственного аудита и финансового контроля № 6-НҚ Зарегистрировано в Министерстве юстиции Республики Казахстан 24 декабря 2015 года № 12483 «О бухгалтерском учете и финансовой отчетности» Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2007 года N 234, Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 3 августа 2010 года № 393 «Об утверждении Правил ведения бухгалтерского учета в государственных учреждениях», Приказ Министра финансов Республики Казахстан от 24 ноября 2014 года № 511.Об утверждении Правил составления и представления бюджетной заявки, Правила исполнения бюджета и его кассового обслуживания, утвержденные Приказом Министра финансов Республики Казахстан от 04 декабря 2014 года №540«Об административных правонарушениях» Кодекс Республики Казахстан от 5 июля 2014 года № 235-V ЗРК,Об утверждении Правил о служебных командировках в пределах Республики Казахстан работников государственных учреждений, содержащихся за счет средств государственного бюджета, а также депутатов Парламента Республики Казахстан Постановление Правительства Республики Казахстан от 22 сентября 2000 года N 1428, Постановление Правительства от 29.08.2001 N 1127 (ред. от 15.11.2004) «Об утверждении правил премирования, оказания материальной помощи и установление надбавок к должностным окладам работников»,"Об архитектурной, градостроительной и строительной деятельности в Республике Казахстан Закон Республики Казахстан от 16 июля 2001 года N 242, и другие действующие НПА РК.

**9. Проверяемый период** с 01.01.2017 г. по 31.12.2018 г.

**10. Фамилия, имя, отчество (при его наличии) и подпись лица уполномоченного подписывать акты**

**М. Мусаев** ________________________

**11. Печать государственного органа**

